ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 4 маусым іс №1013-24-00-2/820 Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судьясы С.Ш. Туратпаев,
қойылған талап қою бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Абай облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін Қарауыл гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Дулат Серікболұлы Азылбай

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Абай облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін Қарауыл гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дара кәсіпкер Дулат Серікболұлы Азылбайды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Дулат Серікболұлы Азылбайды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Дулат Серікболұлы Азылбайдан мемлекет пайдасына 14529 (он төрт мың бес жүз жиырма тоғыз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, 2282 (екі мың екі жүз сексен екі) теңге мемлекеттік бажы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы тарап осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы бір ай мерзімде апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С.Ш.Туратпаев**

Құжатқа қол қойылған: Туратпаев С. Ш., 04.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.07.2024 Судья Туратпаев С. Ш. 15.07.2024